

**«Ақ қайын» балабақшасы» МКҚК 2021-2022 оқу жылына арналған педагогикалық кеңес
отырысының хаттамасы**

№ 1

Құтарыс ауылы

27.08.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
- 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
- 3) М.Ниязбекова – Ата-аналар комитетінің төрайымы;
- 4) Ш.Алашбаева – Камқоршылық кеңес төрайымы;
- 5) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
- 6) Қ.Нұржанова – Мейірбике;
- 7) П.Зулутбекова – шаруашылық жөніндегі меңгеруші;
- 8) Педагог мамандар, кіші қызметкерлер – 42 адам;
Барлығы: 49 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: «Тіл мен сөзді қарапайым түсінуді қалыптастыру».

Теоретикалық бөлім

Мақсаты: МДҰ-ның жаңа оқу жылына арналған қызмет жоспарын қабылдау және бекіту

- Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы.
- Жарактандыру (педагогтардың жұмыс орнын дайындау).
- МДҰ-ның 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қабылдау және бекіту (талқылау, түзету).
- Педагогтарды аттестаттау өлшем шарттары. Аттестатталушы педагогтардың өтініштерін қарау.
- Өз бетімен білім алу мәселелері (жоспарлау, жетістіктері, мәселелер, болашағы).

«Шығармашылық зертхана»(жұмыс тәжірибесінен):

- тіл дамыту бойынша ойындар мен ойын жаттығулары;
- мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділіктерін дамытудағы психологиялық-педагогикалық скринингтің маңызы;
- тіл мен сөз құбылыстарын қарапайым түсінуді қалыптастыру (дыбыс пен сөзді ажырату, дыбыстың сөздегі орнын табу).

Іс-тәжірибелік бөлім

Өткізу түрі: «Блиц-ойын»

Ойын технологиялары арқылы режимдік үдерістердің үлгілерін әзірлеу, ұсыну және қорғау бойынша шағын топтардағы жұмыс

Тыңдалды: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы»

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз алған мекеме меңгерушісі К.Абдраманова 2020-2021 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы айта келіп, алдағы 2021-2022 оқу жылына мекеменің дайындығы жөнінде мәлімет беру үшін сөз кезегін бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова мен шаруашылық жөніндегі меңгеруші П.Зулутбековаға ұсынды. Мекеме әдіскері оқу процесі бойынша, ал, шаруашылық жөніндегі меңгеруші ғимараттың, оның ішінде топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, қысқы мезгілге дайындықтың қалай өрбіп жатқандығы туралы айтты. Балаларды бөбекжайға жаңа оқу жылына балаларды қабылдауға дайындығы жөнінде толық мәлімет беріп өтті.

Жиналыс қаулы етті:

1. «Мекеменің 2021-2022 оқу жылына дайындығы туралы» әдіскер Ж.Исмаилова мен шаруашылық жөніндегі меңгеруші П.Зулутбекованың есебі басшылыққа алынсын;
2. Мекеменің қысқы мезгілге дайындығы әлі де пысықталсын;
3. Бөбекжайда балаларды қабылдау үшін санитарлық талаптар сақталынсын;
4. Қызметкерлерге ағымдағы техникалық қауіпсіздік нұсқаулығы өткізіліп, аттестациялансын;
5. Қызметкерлерге техникалық қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру, өткізу шаруашылық жөніндегі меңгеруші П.Зулутбековаға жүктелсін.

Тыңдалды: «Жарақтандыру (педагогтардың жұмыс орнын дайындау)»

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова 2021-2022 оқу жылында жасақталған топтар мен оған жетекшілік ететін педагогтармен таныстырып өтті. Бөбекжайда барлығы жеті оп жасақталды, оның ішінде «Балбөбек» ерте жас тобы – 1 жастан бастап, «Балапан» кіші тобы – 2 жастан бастап, «Қошақан» және «Айгөлек» ортаңғы топтары – 3 жастан бастап, «Жұлдыз» және «Балдәурен» ересек тобы – 4 жастан бастап және «Балауса» МАД тобы – 5 жастан бастап.

- 1) «Балбөбек» ерте жас тобы 1 жастан бастап топтастырылған, жетекшілері – Дарибаева К, Исаева Г;
- 2) «Балапан» кіші тобы 2 жастан бастап топтастырылған, жетекшілері – Бекеева Р, Турлыбекова А;
- 3) «Қошақан» ортаңғы тобы 3 жастан бастап топтастырылған, жетекшілері – Жунусбаева Г, Аймбетова А;
- 4) «Айгөлек» ортаңғы тобы 3 жастан бастап топтастырылған, жетекшілері – Рахымбаева Ә, Суюнова М;
- 5) «Жұлдыз» ересек тобы 4 жастан бастап топтастырылған, жетекшілері – Жакипова Н, Онгарбаева А;
- 6) «Балдәурен» ересек тобы 4 жастан бастап топтастырылған, жетекшілері – Төлеген М, Мирзахметова А;
- 7) «Балауса» МАД тобы 5 жастан бастап топтастырылған, жетекшілері – Муталиева Д, Рустемова Л;

Топтард стандарт талаптарына сай топтастырып, топ жетекшілеріне алдағы уақытта атқарылатын жұмыстары, балаларды қабылдау, ата-аналармен жұмыстар барысы төңірегінде түсіндірме жұмыстары, жұмыс барысында басшылыққа алынатын құжаттар таныстырылды. Сонымен қатар, топтарды бес білім саласына сай жасақтау жұмысына бір ай уақыт берілді.

Жиналыс қаулы етті:

1. 2021-2022 оқу жылында жас ерекшелігіне сәйкес 7 топ топтастырылсын;
2. Аталған топтарға тәрбиешілер бекітіп берілсін;
3. Жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарды безендіруге 1 ай уақыт берілсін;
4. Бес білім саласы бойынша топтарды безендіру жұмыстары жүргізілсін;
5. Шаруашылық меңгерушісі топтардың санитарлық тазалығын, серуенге шығу үшін құмсалғыштар мен ауланының тазалығы қадағалансын;
6. Жас ерекшеліктеріне сәйкес мерзімдік 10 күндік ас мәзірі дайындалсын, жауаптылық мейірбике Қ.Нұржановаға жүктелсін;
7. Балардың денсаулық жағдайы жөнінде анализ жасалынсын, есеп меңгеруші жанындағы кеңесте қаралсын, жауаптылық мейірбике Қ.Нұржановаға жүктелсін.

- **Тыңдалды: «МДҰ-ның 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қабылдау және бекіту (талқылау, түзету)»**

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған мекеме меңгерушісі К.Абдраманова 2020-2021 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы айта келіп, биылғы оқу жылында былтырғы жылда жіберген кемшіліктер мен жеке даму картасына сәйкес жұмыстар жүргізуді тапсырды. Ата-аналармен келісім шарт жасалып, топтастырылған топтар бойынша перспективалық жоспарлар жасау қажеттігін тапсырды. Сөз кезегін алған бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова білім беру процесінде ұсынылатын «Өтпелі» тақырыптар туралы айта келіп, биылғы оқу жылындағы өтпелі тақырыптармен таныстырды:

Қыркүйек айының тақырыбы – «Балабақша», қазан айының тақырыбы – «Менің отбасым», қараша айының тақырыбы – «Дені саудың жаны сау», желтоқсан айының тақырыбы – «Менің Қазақстаным», қаңтар айының тақырыбы – «Табиғат әлемі», ақпан айының тақырыбы – «Бізді қоршаған әлем», наурыз айының тақырыбы – «Салттар мен фольклор», сәуір айының тақырыбы – «Біз еңбекқор баламыз» және мамыр айының тақырыбы – «Әрқашан күн сөнбесін» деп белгіленді. Осы айлық тақырыптарға сәйкес аптылық тақырыптар да белгіленді. Сонымен қатар, балаларды күн режимі барысында қызықтыру, ынталандыру мақсатында вариативтік компоненттер ортаңғы, ересек және МАД топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес тақырыптары белгіленіп, жоспар түзілді.

Жиналыс қаулы етті:

1. 2021-2022 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары басшылыққа алынсын;
2. Сабақ жас ерекшеліктеріне сәйкес түзілсін;
3. Бөбекжайда балаларды қабылдау үшін санитарлық талаптар сақталынсын;
4. Күн тәртібі жаңа оқу жылына бекітілсін;
5. Жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралардың орындалуына жауапты болып әдіскер Ж.Исмаилова бекітілсін;
6. Әр педагогтың жазғы сауықтыру кезеңіндегі қорытынды есебі басшылыққа алынсын;
7. Балалардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру мақсатында осы тақырыптар аясында жұмыстарды күнделікті ұйымдастыру қарастырылсын;
8. Ең үздік деп танылған шығармашылық жұмыстар балабақша ішілік таратылсын;
9. Шығармашылық жұмыстарды педагогтар арасында талдау, түсіндіру, тарқату жұмыстарын ұйымдасу тәрбиеші Л.Рустемоваға жүктелсін.

Тыңдалды: «Педагогтарды аттестаттау өлшем шарттары. Аттестатталушы педагогтардың өтініштерін қарау»

Күн тәртібіндегі келесі мәселе педагогтарды аттестаттау болса, осы тақырып бойынша сөз алған бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова № 560 бұйрыққа сәйкес педагогтар біліктіліктерін арттыру қажеттігін. Қазіргі таңда ІІ санатты 5 педагогтың санаты келесі оқу жылының басында тоқтатылатын болғандықтан тамыз айынан өтініш беріп, тестілеуге қатысу қажеттігін, портфолио электронды жиналып, өтініш электронды нұсқада қабылданатындығын атап өтті. Сараптау комиссиясы бөбекжайда құрылғандығын, комиссия мүшелерімен таныстыра келіп, заң талаптарын толығымен түсіндіріп өтті. Егер тамыз-желтоқсан айларында өтпей қалған жағдайда, қаңтар-мамыр айларында екінші мәрте құжат тапсыруға мүмкіндіктері бар екендігін түсіндірді. Биылғы жылы неше педагог біліктілікті арттыруға мерзімінде өтініш беретіндігі, неше педагог мерзімінен бұрын беруге болатындығын да нақтылап атап өтті. Заңнамаға сәйкес өтініш жазу, қандай құжаттарды жүктеу керектігін әдіскер Ж.Исмаилова да тәптіштеп түсіндіріп берді.

Жиналыс қаулы етті:

1. Педагогикалық кеңестің отырысының хаттамалық шешіміне сәйкес сараптау комиссиясы түзілсін;
2. Тамыз-желтоқсан және қаңтар-мамыр айларында аттестатталушы педагогтар электронды портфолио жинақтап, тапсыру жұмыстарын ұйымдастыру сараптамалық комиссияның хатшысы Г.Жунусбаеваға жүктелсін;
3. Әр педагог өзінің мерзімді немесе мерзімінен бұрын аттестатталуға өтініш беруіне болатындығын ескерсін;

Тыңдалды: «Өз бетімен білім алу мәселелері (жоспарлау, жетістіктері, мәселелер, болашағы)»

Күн тәртібіндегі келесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова ҚР «Білім» туралы заңына сәйкес, әр педагог өз білімін жетілдіріп отыруы қажет екендігін айта келіп, 2020-2021 оқу жылында төмендегі педагогтар «Өрлеу» біліктілігін арттыру» курсынан білім алып, білімдерін шыңдағанын жеткізді. Олар, Абитаева И.Н. № 0464321 20.09.-30.09.2021 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізіндезаттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау» тақырыбында, Дуйсебаева И.А. № 0467054 01.11.-11.11.2021 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізіндезаттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау» тақырыбында, Жакипова Н. № 0524772 20.06.-01.07.2022 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі білім беру

ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» тақырыбында, Жунусбаева Г.Б. № 0523521 23.05.-03.06.2022 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» тақырыбында, Исмаилова Ж.А. № 0469575 29.11.-10.12.2021 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізіндезаттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау» тақырыбында, Мирзахметова А.Ә. № 0465535 04.10.-14.10.2021 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізіндезаттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау» тақырыбында, Оразбаева А.А. № 0465530 04.10.-14.10.2021 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізіндезаттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау» тақырыбында, Рахымбаева Ә.Ж. № 0464296 20.09.-30.09.2021 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізіндезаттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау» тақырыбында, Рустемова Л.К. № 0464297 20.09.-30.09.2021 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау» тақырыбында, Суюнова М.Ж. № 046089 18.10.-28.10.2021 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізіндезаттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау» тақырыбында, Турлыбекова А.Р. № 0524026 06.06.-17.06.2022 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» тақырыбында, Умирова Ж.Б. № 0465544 04.10.-14.10.2021 ж 72 сағат «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізіндезаттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау» тақырыбында, барлығы 12 педагог білімін шыңдаса, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының курстарынан бес педагог өтіп, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білімдерін жетілдіргенін айтып өтті. Сонымен қатар, биылғы жылы да жоспар түзіліп, педагогтардың білімінің шыңдалуына жұмыс жүргізілетіндігін жеткізді. 2020-2021 оқу жылында тәрбиеленушілерді және педагогтардың өздерінің жарыстарға қатысуы төмен деңгейде болғандығын да тілге тиек ете келіп, алдағы уақытты талдау жасалатындығы, сондықтан қарқынды жұмыс жасау қажеттігі де айтылды.

Жиналыс қаулы етті:

1. Педагогтардың өз бетімен білім алу ауқымын кеңейту мақсатында жұмыстар ұйымдастырылсын;
2. «Өрлеу» біліктілігін арттыру курсынан және «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының курстарынан өту жоспары қалған педагогтарға түзілсін;
3. Өз бетімен білім педагогтардың білім алуын жетілдіру мақсатында шығармашылық жұмыстар таңдалып, бекітілсін;
4. Қашықтан білім алу жағдайынан дәстүрлі кезеңге өтуіне байланысты педагогтар және бөбекжай тәрбиеленушілері әр түрлі жарыстарға қатыстырылсын;
5. Педагогтардың жарысқа қатысуы мен тәрбиеленушілерді дайындауы бойынша жыл соңында талдау жасалынсын;
6. Шығармашылық жұмыстары бойынша мақала жазу жұмыстары да жолға қойылсын.

Тыңдалды: «Шығармашылық зертхана»(жұмыс тәжірибесінен)

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша әр педагогқа өзінің 2020-2021 оқу жылында жүргізген шығармашылық жұмыстарына кезек берілді. **Тіл дамыту бойынша ойындар мен ойын жаттығулары** бойынша К.Абдраманова - Мектепке дейінгі бала тәрбиесіндегі ойын арқылы сөйлеуді дамыту, Р.Бекеева - Ерте жастағы балаларда тілді дамытуды ойын технологиялары арқылы ұйымдастыру, Г.Жунусбаева - Орта топ жасындағы балалардың сөйлеуінің дамуын ойын технологиялары арқылы жетілдіру тақырыптарында 2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстарымен бөліссе, **мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділіктерін дамытудағы психологиялық-педагогикалық скринингтің маңызы** бойынша А.Аймбетова - Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін ойын технологиялары арқылы дамыту жолдарын қатастырғаны туралы өз жұмысын айтып өтті. Ал, педагог-психолог Ж.Умирова осы жылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділіктерін дамытудағы педагогикалық-психологиялық скринингін жасау жұмысымен айналысатындығын тілге тиек етті. тіл мен сөз құбылыстарын қарапайым түсінуді қалыптастыру (дыбыс пен сөзді ажырату, дыбыстың сөздегі орнын табу) бойынша тәрбиеші Д.Муталиева - Ойын технологиялары арқылы сауат ашу негіздерін тәрбиеленушілердің оңай меңгеру жолдары тақырыбы бойынша жасаған жұмыстарымен бөлісті. Сөз соңында әдіскер Ж.Исмаилова педагогтардың шығармашылық тақырыбы бойынша әрі қарай да жұмыстар жүргізілетіндігін айта келіп, теориядан іс-тәжірибеге ауысу қажеттігін айтып өтті.

Тәжірибе әлі де жеткіліксіз, биылғы оқу жылында осы олқылықтың орнын толтыру керек деп сөзін аяқтады.

Жиналыс қаулы етті:

1. Шығармашылық жұмыстардың теориялық кезеңі аяқталып, II кезең іс-тәжірибеге ауыстырылсын;
2. Биылғы жылы жаңадан қосылған педагогтарға өз таңдаулары бойынша шығармашылық жұмыстар берілсін;
3. Шығармашылық жұмыстарын іс-тәжірибемен ұштастыру үшін вариативтік компонент тақырыптары таңдалып, жоспар бекітілсін;
4. Балабақша ішілік таратуға болатын жұмыстар болған жағдайда I жарты жылдықта балабақша ішілік таратуға ұсынылсын;

Тыңдалды: «Өткізу түрі: «Блиц-ойын»

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай психологы Ж.Умирова педагогтармен ойын технологиялары арқылы режимдік үдерістердің үлгілерін әзірлеу, ұсыну және қорғау бойынша шағын топтардағы жұмысты ұйымдастыру бойынша блиц-ойын өткізді. Педагог-психолог Ж.Умирова - «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның танымдық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес», - деп В. А. Сухомлинский айтқандай, ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық іспетті. Ойын арқылы баланың өзін - өзі басқару қабілеті, тәрбиелігі, жауапкершілігі, оқу қызметіне деген ынтасы, ұйымшылдығы артады. Әлем бала өміріне біртіндеп кіреді. Бала ең алдымен оны үйде, бөбекжай - бақшада не қоршап тұрғанын ұғынады. Біртіндеп өмірден алған тәжірибесі көбейеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Яғни, балаға әлем аздап ғана сырын ашса, онда баланың білуге деген құштарлығы арта түседі. Ойын – баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән – мағынасы ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алатындығы мен мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болатындығын түсіндіріп өтті. Содан соң, педагогтардың өздерін қысқа мерзімді шағын ойындармен қызықтыра отырып, балалардың күн режимінде қандай ойындарды қолданған дұрыс екендігі, ойыннан кейінгі кезеңнің маңыздылығы, тақырыптарға ойынды сәйкестендіре отырып ұйымдастыру қызықты әрі мағыналы болатындығы жөнінде кеңес те берді және іс-тәжірибе барысында үйретті.

Жиналыс қаулы етті:

1. Балалардың күн режимі барысында педагог-психолог Ж.Умированың берген кеңестері басшылыққа алынсын;
2. Барлық іс-әрекеттер ойын технологиясымен ұштастырыла отырып ұйымдастырылсын;
3. Педагогтардың шығармашылық жұмыстары іс-тәжірибе барысында іске асырылсын;
4. Балалардың педагогикалық-психологиялық жағдайына талдау жылдың басында және соңында жасалынсын;
5. Талдауды жасауға жауаптылық Ж.Умироваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева

**«Ақ қайын» балабақшасы» МКҚК 2021-2022 оқу жылына арналған педагогикалық кеңес
отырысының хаттамасы**

№ 2

Құтарыс ауылы

19.11.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) М.Ниязбекова – Ата-аналар комитетінің төрайымы;
 - 4) Ш.Алашбаева – Камқоршылық кеңес төрайымы;
 - 5) Ж.Исмайлова – бөбекжай әдіскері;
 - 6) Педагог мамандар – 17 адам;
- Барлығы: 21 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық кеңес тақырыбы: «Ойын технологиялары арқылы тілдік қызметті дамыту
нысандары мен әдістерін жетілдіру»

Теоретикалық бөлім

Топтардағы грамматикалық тұрғыдан дұрыс және байланысты сөйлеудің жай-күйі (ақпарат, талдау)

Жұмыс тәжірибесінен сөз сөйлеулер:

- Баланың әлеуметтік дамыған тұлғасы: ойын технологиясы арқылы коммуникативтік-тілдік қызметті қалыптастыру.
- Ойын арқылы 3–5 жасар балалардың фонематикалық есту қабілетін дамыту.
- Ойын технологиясы арқылы сабақтан тыс уақытта тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру бойынша жұмыс.
- Тілдік қызметті дамытудағы арт-терапияның рөлі.
- Педагогтар мен мамандардың I жартыжылдықтағы есебі (балалардың жетістіктеріне диагностика, мониторинг жүргізу)

Сабақтарды ұжымдық байқаулар:

- көркем әдебиет – «Мысық, қораз және шымшық»;
- тіл дамыту – «Қолғап» ертегісін сахналау;
- арт-терапия бойынша сабақ;
- ортаңғы, ересек топтардағы кешенді сабақ.

Іс-тәжірибелік бөлім

Педагогикалық кеңес тақырыбы бойынша әдістемелік әзірлемелерді, брошюраларды
презентациялар түрінде ұсыну

Тыңдалды: «Топтардағы грамматикалық тұрғыдан дұрыс және байланысты сөйлеудің жай-күйі (ақпарат, талдау)»

Педагогикалық кеңесті ашқан бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстыра келіп, сөз кезегін әдіскер Ж.Исмайловаға ұсынды. Ол өз кезегінде Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтардағы грамматикалық тұрғыдан дұрыс және байланыстыра сөйлеудің жай күйі бойынша есеп берді. 2020-2021 оқу жылының I жарты жылдығында ерте жас тобы болмады, яғни 0%-ды көрсеткес, кіші топта – 44% , ортаңғы топтарда – 48% , ересек топтарда – 33,3% және мектепалды даярлық топтарында – 48 пайызды көрсетсе, биылғы оқу жылының I жарты жылдығында бұл көрсеткіш ерте жас тобында – 12%, кіші топтарда

– 16%, ортаңғы топтарда – 23%, ересек топтарда – 56% және мектепалды даярлық тобында – 56 пайыз болғандығын байқаймыз. Бұдан шығатын қорытынды өткен жылы ерте жас тобы болмағандықтан биылғы көрсеткіш 12 пайызға артып отыр, ал кіші топтың көрсеткіші 28 пайызға кеміп отыр. Себебі, былтырғы жылы ерте жас тобы болмағандықтан биылғы кіші тобында балабақшаға жаңадан келу себебінен, оқу үдерісі процесін биыл бірінші рет үйреніп жатқандықтан болар. Ал, ортаңғы топтар бойынша көрсеткіш 25 пайызға кему себебін педагогтардың дұрыс деңгейде жұмыс жасамауы себебінен деп түсіндірер едім, өйткені бұл балалар былтыр да балабақшада болған балалар, бұл біздің өрескел жіберген қателігіміз. Бұл көрсеткіш бойынша жұмыс жүргіземіз, кемшіліктерді жою мақсатында қосымша жұмыс жоспарын түзіп, бағдарлама мазмұнын игеруді көздейміз. Ересек топтар бойынша өткен оқу жылынан әлде қайда ілгерілеуді байқаймыз, яғни 22,7 пайызға артқан. Ал, мектепалды даярлық тобы 8 пайызға артқан, бұл да қуантарлық жағдай. Мектепке балаларды дайындау басты міндетіміз болғандықтан бұл топтарға білімді де білікті мамандарды қоюдың жетістігі деп білеміз. Әрі қарай да жұмыстарыңызға шығармашылық ізденістер мен білімдерін үнемі жетілдіріп отыруға шақырды.

Жиналыс қаулы етті:

1. Әдіскер Ж.Исмаилованың «Топтардағы грамматикалық тұрғыдан дұрыс және байланысты сөйлеудің жай-күйі (ақпарат, талдау)» туралы І жарты жылдық есебі басшылыққа алынсын;
2. Кіші және ортаңғы топтардағы көрсеткіштер бойынша жоспар түзіліп, жұмыстар жүргізілсін;
3. Шығармашылық жұмыстар барысында да грамматикалық тұрғыдан дұрыс тақпақ айтуына, сахналық қойылымдар барысында дұрыс сөйлем құрай алуына мән берілсін;
4. Бір жас пен екі жас аралығындағы сөздік минимумды балаларға үйрету жолға қойылсын;
5. Осы қаулының орындалуын қадағалау әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Тыңдалды: «Жұмыс тәжірибесінен сөз сөйлеулер»

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова - **Баланың әлеуметтік дамыған тұлғасы: ойын технологиясы арқылы коммуникативтік-тілдік қызметті қалыптастыру** бойынша атқарылған жұмыстар туралы өз іс-тәжірибесімен бөлісу үшін сөз кезегін тәрбиеші Д.Муталиеваға ұсынды. Ол, өз кезегінде өзінің шығармашылық жұмыстарымен бөлісе келіп, балалардың тілдік қызметін қалыптастыру барысында қандай ойындарды пайдалана отырып арттыруға болатындығын, іс-тәжірибе түрінде де бөлісіп өтті. Сонымен қатар, Үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген тілдік қорды байыту жолдарын терең меңгеруге шақырды. Келесі сөз кезегін алған тәрбиеші Р.Бекеева - **Ойын технологиясы арқылы сабақтан тыс уақытта тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру бойынша жұмыс** туралы өзінің іс-тәжірибесімен бөліске келіп, балаларға жаңылтпаш, тақпақ, көп жаттату, сахналық қойылымдарды көбірек ойнату арқылы сабақтан тыс қалыптастыру жұмыстарын ұйымдарсытруға болатынын айтты. Сонымен қатар, күндік режим барысында серуен кезінде ойын арқылы осы іс-әрекеттерді жасата отырып балаларды дұрыс сөйлеуге, сөйлем құрай білуге, сөздік қорларын байытуға мүмкіндік туатынын айта келіп, әріптестерін осылайша жұмыс жасауға шақырды. **Тілдік қызметті дамытудағы арт-терапияның рөлі** тақырыбында сөз алған Н.Жакипова – шығармашылықтың бала тілінің дамуына әсері туралы, бояумен, құммен т.б заттармен балаларды сурет салғыза отырып, мәселен табиғатты, немесе өз үйін салғызу арқылы оның қандай екендігін, қай түстерді пайдаланғандығын, себебін сұрау арқылы әңгімеге тарта отырып сөздік қорын дамытуға мүмкіндік мол екендігін жеткізді. Балалар сурет салу барысында өз ойын нақты жеткізе алатындығы, оның қызықты екендігі бала ойнай отырып ойын еркін жеткізуге мүмкіндігі болатындығы жөнінде айтты. Осылайша әріптестерін шығармашылық арқылы да тілдік қорын байыту жолдарын қарастыруға шақырды. Сөз соңында әдіскер Ж.Исмаилова 2021-2022 оқу жылындағы бастапқы мониторинг нәтижелеріне тоқталды. Онда, денсаулық білім саласы бойынша 2020-2021 оқу жылының бастапқы мониторингінде көрсеткіші – 59,49 пайыз болса, биылғы жылы 65,14 пайызды құрап отыр. Ал, қатынас саласында өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 62,29 пайызды көрсетсе, биылғы оқу жылында – 58,29 пайызды көрсетуде. Таным саласы бойынша өткен оқу жылында – 61,14 пайыз болса, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 66,86 пайызды құрауда. Шығармашылық саласы бойынша өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 60,57 пайыз болса, биылғы жылы – 62,86 пайыз болуда, ал, әлеумет саласы бойынша өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 51,43 пайызды көрсетсе, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 48,57 пайызды құрауда. Былтырғы оқу жылында бір кіші, екі ораңғы, үш ересек және бір мектепалды

даярлық тобы болса, биылғы оқу жылында топтардың жас ерекшеліктері бір ерте жас, бір кіші, екі ортаңғы, екі ересек және бір мектепалды даярлық тобы болып жасақталған. Жас ерекшеліктері былтырғы оқу жылына қарағанда төмендеген. Денемен, денсаулық, таным, шығармашылық білім салаларында пайыздық көрсеткіштердің артқанын байқаймыз. Бірақта, қатынас және әлеумет білім салаларында төмендеу болып тұр. Себебі жоғарыда айтылғандай балалармен жеке және топтық жұмыстардың аз жүргізілу себебінен деп түсінеміз. Балалардың тілдік қорын дамыту мақсатында жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілетіндігі, оған барлық педагогтар жауапкершілікпен қарау керектігі айтылды.

Жиналыс қаулы етті:

1. Әдіскер Ж.Исмаилованың «Бастапқы мониторингтің талдау нәтижесі туралы есебі» басшылыққа алынсын;
2. Әр топ тәрбиешілері балалармен жеке жұмыс барысын қайта қарап, жоспарларына балалардың тілдік қорын дамытуға өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін;
3. Балаларды әлеуметтендіру мәселесі бойынша іс-шаралар түзіліп, жоспарға енгізілсін;
4. Ата-аналармен байланыс орната отырып балалардың қызығушылығын тудыратын іс-шаралар өткізілсін;
5. Аталған жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты болып әдіскер Ж.Исмаилова бекітілсін.

Тыңдалды: «Сабақтарды ұжымдық байқаулар»

Күн тәртібіндегі кезекті мәселе бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткен тәрбиешілердің тақырыптарымен таныстар келіп, сабаққа ену барысына тоқталды. Қазан айында тәрбиеші Л.Рустемова «Күлімдеген күз айы» тақырыбында көркем әдебиет бойынша ашық ұйымдастырылған оқу қызметін МАД тобымен өтті. Балалар күз мезгілінің кереметтерімен таныса келіп, қандай еңбек түрлерімен күз айында адамдар айналысатындығын, күз мезгілінің ерекшеліктерін, басқа жыл мезгілдерінен айырмашылығын ұғынды. Оқу қызметі ойын арқылы өткендіктен балаларға әсерлі болды, балалардың қызығушылығын әр түрлі тапсырмалар арқылы арттыра түсті. Ал, қараша айында тәрбиеші Г.Жунусбаева «Математика әлемі» тақырыбында ортаңғы топ балаларымен таным саласы бойынша ұзын, қысқа, биік, аласа, заттардың биіктігі немесе аласалығы, ұзындығы немесе қысқалығын түсіндіру, күннің ұзақтығы немесе қысқалығы т.б ұғымдарды түсіндіруге тырысты. Мақсатына жете алды. Балалармен ойын арқылы өткізілген ұйымдастырылған оқу қызметі тартымды өтті. Балалар оқу қызметіне толығымен қатысып, жаңа ұғымды үйренуге бар ынталарын жұмсады.

Жиналыс қаулы етті:

1. Тәрбиеші Л.Рустемованың «Күлімдеген күз айы» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған оқу қызметі жақсы деп бағалансын;
2. Тәрбиеші Г.Жунусбаеваның «Математика әлемі» тақырыбында өткізілген ашық оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын;
3. Басқа да педагогтар жоспарға сәйкес ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізсін;
4. Осы жұмыстарды ұйымдастыру әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Тыңдалды: «Іс-тәжірибелік бөлім» Педагогикалық кеңес тақырыбы бойынша әдістемелік әзірлемелерді, брошюраларды презентациялар түрінде ұсыну»

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова Педагогикалық кеңес тақырыбы бойынша жасалған брошюраларды таныстыра келіп, презентация түрінде ұсынды. Презентация тақырыпқа сай, әсерлі жасалынған. АТК-ны іс-тәжірибеде қолдана білуге барша педагогтарды шақырды. «Ойын технологиялары арқылы тілдік қызметті дамыту нысандары мен әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы талқыланған мәселелердің шешімі ретінде қабылданды. Алдағы уақытта барша педагогтар осылайша слайд, презентация жасау, немесе үлестірмелі материалдар арқылы есептерін дайындау ұсынылды.

Жиналыс қаулы етті:

1. Әдіскер Ж.Исмаилованың «Ойын технологиялары арқылы тілдік қызметті дамыту нысандары мен әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы презентациясы назарға алынсын;
2. Келешекте әр педагог есеп беру кезінде осындай үлестірмелі материалдар, брошюралар

- немесе слайд, презентациялар арқылы қорғау жолға қойылсын;
3. Барлық педагог мамандар заман талабына сай цифрлық мүмкіндіктерді пайдалануды қолға алсын;
 4. АТК-ны үйрену мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекеттерде пайдалану іске асырылсын;
 5. Педагогтарды аттестаттау мәселесі назарда ұсталсын;
 6. Қыс мезгіліне сәйкес ас мәзірі дайындалсын;
 7. Қысқы кезеңге қатты отынның, от жағатын пештердің, батареялардың ақаулары қаралып, калыпқа келтіру жұмыстары жүргізілсін;
 8. Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелердің орындалуына жауаптылық әр сала бойынша мейірбике, шаруашылық меңгерушісі мен әдіскерге жүктелсін.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева

**«Ақ қайын» балабақшасы» МКҚК 2020-2021 оқу жылына арналған педагогикалық кеңес
отырысының хаттамасы**

№ 3

Құтарыс ауылы

24.02.2022 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) М.Ниязбекова – Ата-аналар комитетінің төрайымы;
 - 4) Ш.Алашбаева – Камқоршылық кеңес төрайымы;
 - 5) Ж.Исмайлова – бөбекжай әдіскері;
 - 6) Қ.Нұржанова – бөбекжай мейірбикесі;
 - 7) Педагог мамандар – 12 адам;
- Барлығы: 18 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық кеңес тақырыбы: «Сауықтыру жұмысын ұйымдастыру»

Теоретикалық бөлім

Тәрбиеленушілердің денсаулық деңгейінің негізгі көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу (талдау, ақпарат).Физикалық дайындық деңгейін анықтау.

Жұмыс тәжірибесінен сөз сөйлеулер

- Баланы қалай табиғатты аялау мәдениетіне тәрбиелеуге болады?
- Мектеп жасына дейінгі балалардың ірі моторикасын қалыптастыру бойынша түзету-дамыту жұмысы.
- Ойын технологиясы арқылы тұлғаның физикалық қасиеттерін қалыптастыру.
- Денсаулық жағдайын, сырқаттанушылықты және сауықтыру іс-шараларының тиімділігін талдау.

Ұжымдық ашық байқаулар:

- дене шынықтыру сабақтары;
- «Ертегіні жаңаша әңгімелейміз» тіл дамытуы;
- «Жақсы дегеніміз не, жаман дегеніміз не»;

Іс-тәжірибелік бөлім

Өткізу түрі: «Идея бар!»

«Денсаулық» бағдарламасының аясында денсаулық сақтау бойынша әдістемелік әзірлемелерді, оқу құралдарын ұсыну және қорғау.

Денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, педагогтармен психологиялық тренинг

Тыңдалды: «Тәрбиеленушілердің денсаулық деңгейінің негізгі көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу (талдау, ақпарат).Физикалық дайындық деңгейін анықтау»

Өткен педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер бойынша тоқталып өткен бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова – бүгінгі педагогикалық кеңестің тақырыбымен таныстыра келіп, бес білім саласының бірі «Денсаулық» саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар, балалардың денсаулығы, өмір қауіпсіздігі жөнінде өрбілетіндігі туралы айта келіп, сөз кезегін «Тәрбиеленушілердің денсаулық деңгейінің негізгі көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу (талдау, ақпарат)» тақырыбындағы есебіне бөбекжай мейірбикесі Қ.Нұржановаға ұсынды. Ол, өз сөзін балалардың физикалық дамыту үшін ең алдымен талдау жұмыстарын жүргізгендігін, талдау нәтижесіне сәйкес жұмыс жоспары жасалынғандығын айта келп, осы жоспарға сәйкес қандай

жұмыстар жүргізілгендігіне тоқталып өтті. Ересек және мектепалды даярлық топтары арасында екі айда бір рет спорттық жарыстар ұйымдастырылғандығы, ата-аналармен бірлесе отырып сайыстар мен кеңестер, дөңгелек үстел ұйымдастырылғандығын атап өтті. Ал, тәрбиешілер өз кезегінде балалардың физикалық дамуы мақсатында үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес атқырылып жатқан жұмыстар туралы есеп беріп өтті.

Жиналыс қаулы етті:

1. Мекеме мейірбикесі Қ.Нұржанованың «Тәрбиеленушілердің денсаулық деңгейінің негізгі көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу (талдау, ақпарат). Физикалық дайындық деңгейін анықтау» тақырыбындағы талдау есебі басшылыққа алынсын;
2. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес балалардың физикалық дамуынна жағдай жасалынсын;
3. Мониторинг қорытындысына сәйкес балалардың физикалық дамуы үшін қандай материалдық қажеттіліктер туындағаны туралы анализ жасалынып, есеп берілсін;
4. Балардың физикалық дамуына әрі қарай жұмыстар жүргізілсін, оны ұйымдастыру әдіскер Ж.Исмайлова мен мейірбике Қ.Нұржановаға жүктелсі.

Тыңдалды: «Жұмыс тәжірибесінен сөз сөйлеулер»

- Баланы қалай табиғатты аялау мәдениетіне тәрбиелеуге болады?

Баяндамашы: тәрбиеші А.Аймбетова

- Мектеп жасына дейінгі балалардың ірі моторикасын қалыптастыру бойынша түзету-дамыту жұмысы.

Баяндамашы: тәрбиеші Г.Жунусбаева

- Ойын технологиясы арқылы тұлғаның физикалық қасиеттерін қалыптастыру.

Баяндамашы: тәрбиеші К.Дарибаева

- Денсаулық жағдайын, сырқаттанушылықты және сауықтыру іс-шараларының тиімділігін талдау»

Баяндамашы: мейірбике Қ.Нұржанова

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз алған тәрбиеші А.Аймбетова «Баланы қалай табиғатты аялау мәдениетіне тәрбиелеуге болады?» тақырыбында баяндама жасады. Ол, өзінің іс-тәжірибесімен бөлісе келе балаларды табиғатты аялауға тәрбиелеу жолдарымен бөлісті. Балалардың елге, жерге, отанға, отбасына деген сүйіспеншілігін ояту арқылы мәдениеттілікке, қамқоршылыққа тәрбиелеуге болатындығын атап өтті. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес атқарылатын жұмыстар тізімімен бөлісті. Келесі сөз кезегін алған баяндамашы Г.Жунусбаева «Мектеп жасына дейінгі балалардың ірі моторикасын қалыптастыру бойынша түзету-дамыту жұмысы» тақырыбында баяндама оқыды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың ірі моторикасын қалыптастыруда қандай түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуге болатындығы, ол қандай жас ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілетіндігі жөнінде тәптіштеп айта келіп, түзету-дамыту жұмыстарын күн режимінің қай кезеңдерінде жүргізген ыңғайлы болатындығын да айта отырып, тәрбиешілерге кеңес берді. «Ойын технологиясы арқылы тұлғаның физикалық қасиеттерін қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыған Қ.Дарибаева – ойынның бала өміріндегі алатын орны, маңыздылығы туралы айта келіп, балалардың физикалық қасиеттерін дамытуда қандай ойындар ойналғандығы дұрыс болатынын ашып айтты. Осылайша балалардың физикалық қасиеттерінің дамуына ойнай отырып дамытуды, қатыптастыруды, меңгертуді үйтетуге болатындығын көрсетті. Соңғы сөз кезегін алған баяндамашы Қ.Нұржанова «Денсаулық жағдайын, сырқаттанушылықты және сауықтыру іс-шараларының тиімділігін талдау» былбырғы жылдың наурызымен биылғы жылдың наурызына дейінгі кезеңге сырқаттану жағдайына талдау жасалынып, есеп берілді, аурушандық деңгейі әлде қайда төмендегенін, балалардың денсаулық жағдайының жақсаруына жасалынып жатқан жұмыстар төңірегінде айта келіп, физикалық қасиеттерінің дамуына әлі де болса атқарылатын жұмыстар туралы айтып өтті. Тәрбиешілерді аталған жұмыстарды нәтижелі орындауға шақырды. Кеңеске қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға әр баяндамашы жеке жауап беріп өтті.

Жиналыс қаулы етті:

1. Тәрбиеші А.Аймбетованың «Баланы қалай табиғатты аялау мәдениетіне тәрбиелеуге болады», тәрбиеші Г.Жунусбаеваның «Мектеп жасына дейінгі балалардың ірі моторикасын қалыптастыру бойынша түзету-дамыту жұмысы» және тәрбиеші

- К.Дарибаеваның «Ойын технологиясы арқылы тұлғаның физикалық қасиеттерін қалыптастыру» тақырыптарындағы баяндамалары басшылыққа алынсын;
2. Мейірбике Қ.Нұржанованың «Денсаулық жағдайын, сырқаттанушылықты және сауықтыру іс-шараларының тиімділігін талдау» тақырыбындағы талдау есебі басты назарға алынсын;
 3. Жоғарыда оқылған баяндамаларға сәйкес білім салалары бойынша балалардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүргізілсін;
 4. Аталған білім салалары бойынша топтарға жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша күн режимінің кезеңдеріне бақылау жүргізілсін;
 5. Осы қаулыны орындауды бақылау әдіскер Ж.Исмайловаға жүктелсін.

Тыңдалды: «Ұжымдық ашық байқаулар:

- дене шынықтыру сабақтары;
- «Ертегіні жаңаша әңгімелейміз» тіл дамытуы;
- «Жақсы дегеніміз не, жаман дегеніміз не»

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмайлова 2021-2022 оқу жылында дене шынықтыру сабақтарына, қатынас саласы бойынша «Ертегіні жаңаша әңгімелейміз» және «Жақсы дегеніміз не, жаман дегеніміз не» тақырыбында өткізілген ертеңгіліктер мен сахналық қойылымның өту барысына жасалынған ұжымдық ашық байқаулар туралы атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Дене шынықтыру жұмыстары топтарда жоспаға сай өткізіліп, жатқандығына, байқаудың нәтижесіне сәйкес балалардың толыққанды айналысуы үшін спорт зал болса, слған сәйкес заттар қойылса деген ұсыныстар да айтты. Ал, қатынас саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар бойынша ортаңғы, ересек және МАД топтарында «Ертегіні жаңаша әңгімелейміз» тақырыбында ата-аналармен бірлесе отырып балаларға ертегі тыңдатуды қалай ұйымдастыруға болатындығы жөнінде әңгімелесуден кейін, сахналау, балалардың өзінің рөлдік ойындарды иере отырып ойнауы, саусақ арқылы қуыршақ театрын ұйымдастыру балалардың қызығушылығын тудырғандығы анықталды. Ұжымдық байқау барысының нәтижесі осындау қорытынды шығарғандығын айта келіп, осы жұмыстарды әрі қарай да жалғастыруға шақырды. Әлеумет білім саласы бойынша «Жақсы дегеніміз не, жаман дегеніміз не» тақырыбында мектепалды даярлық тобында балаларды әдептілікке, сыпайылыққа, құрметтей білуге үйрету мақсатында ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өткендігін, жоғары деңгейде өткендігін айта келіп, тәрбиеші Д.Муталиеваның жұмысына бақылау нәтижесіне сәйкес еңбегі өте жақсы деген бағаға лайықтығын атап өтті. Тәрбиешіге алдағы уақытта да шығармашылық табыстар тілеп, бала жанының бағбанына айналған жұмысын әрі қарай да жемісті атқаруға шақырды. Тәрбиешілер тарапынан да атқарылған жұмысқа өз пікірлерін білдірді.

Жиналыс қаулы етті:

1. «Ертегіні жаңаша әңгімелейміз» тақырыбында өткізілген сахналық қойылымдарға жүргізілген ұжымдық байқау нәтижесі басты назарда болсын, алдағы кезеңге де жоспар түзілсін;
2. Топтардағы дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметтерінің барысы туралы ұжымдық байқаулар нәтижесі басшылыққа алынсын, осы нәтижелер бойынша кемшіліктер жойылсын;
3. Тәрбиеші Д.Муталиеваның «Жақсы дегеніміз не, жаман дегеніміз не» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деңгейде өткізілді деп бағалансын;
4. Қалған тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері қаралсын;
5. Балалардың физикалық қасиеттерін дамытуда жұмыстар жүргізілсін, сайыстар ұйымдастырылсын;
6. Осы жұмыстарды жоспарлауға, ұйымдастыруға жауапты болып әдіскер Ж.Исмайлова бекітілсін.

Тыңдалды: «Іс-тәжірибелік бөлім»

Өткізу түрі: «Идея бар!»

«Денсаулық» бағдарламасының аясында денсаулық сақтау бойынша әдістемелік әзірлемелерді, оқу құралдарын ұсыну және қорғау.

Денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, педагогтармен психологиялық тренинг»

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмайлова

педагогикалық кеңестің соңғы бөлімінде «Идея бар!» тақырыбында педагогтардың денсаулық бағдарламасы бойынша іс-тәжірибелерімен бөлісуге шақырды. Әр педагог өз іс-тәжірибесімен денсаулық саласын дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен бөлісті. Оқу құралын дайындау жұмыстары әлі де пысықтауды қажет ететінгі де айтылды. Әдістемелік әзірлемелер толықтай дайын болғанға дейінгі жұмыстар ұйымдастырылып, жүргізілу тапсырылды. Сондай-ақ, денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, педагогтармен психологиялық тренингті бөбекжайдың психологы Ж.Умирова өткізді. Педагогтардың денсаулық саласы бойынша атқарылатын жұмыстарына серпіліс берді.

Жиыналыс қаулы етті:

1. «Денсаулық» бағдарламасының аясында денсаулық сақтау бойынша әдістемелік әзірлемелерді, оқу құралдарын дайындау жұмыстары жалғастырылсын;
2. «Денсаулық» бағдарламасының аясында денсаулық сақтау бойынша әдістемелік әзірлемелерді, оқу құралдарын дайындауға әр педагог жауаптылық танытып, жұмыстар жүргізілсін;
3. Денсаулық саласы бойынша балаларды қызықтыра отырып физикалық қасиеттерін қалыптастыруға болатындығы туралы әдістемелік кеңесте кеңнен талқылансын;
4. Психолог Ж.Умированың «Денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, педагогтармен психологиялық тренингі» басшылыққа алынсын;
5. Осы мәселелерге әдіскер Ж.Исмаилова жауапты болып бекітілсін.

Жиыналыс төрайымы

Жиыналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева

**«Ақ қайын» балабақшасы» МКҚК 2020-2021 оқу жылына арналған педагогикалық кеңес
отырысының хаттамасы**

№ 4

Құтарыс ауылы

20.05.2022 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
- 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
- 3) М.Ниязбекова – Ата-аналар комитетінің төрайымы;
- 4) Ш.Алашбаева – Камқоршылық кеңес төрайымы;
- 5) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
- 6) Қ.Нұржанова – бөбекжай мейірбикесі;
- 7) П.Зулутбекова – шаруашылық жөніндегі меңгеруші;
- 8) Педагог мамандар, тех персоналдар – 27 адам;
Барлығы: 34 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: «МДҰ-ның жылдық жұмыс қорытындылары»

Талдамалы-теоретикалық бөлім

- МДҰ-ның жылдық жұмыс нәтижесі:
 - балалардың даму деңгейі;
 - ата-аналардың МДҰ жұмысымен қанағаттанушылығы;
- МДҰ-ғы музыкалық-эстетикалық тәрбие (есеп).
- Байланыстырып сөйлеуді дамыту (ақпарат – өзекті мәселелер бойынша талдау):
 - диалогтық (ауызекі) тіл;
 - монологтық тіл (әңгімелеу).
- Тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру (ақпарат – өзекті мәселелер бойынша талдау):
 - морфология (сөздердің түрлері, тектері, септіктері бойынша өзгеруі);
 - синтаксис (сөз тіркестері мен сөйлемдердің әртүрлі түрлерін меңгеру);
 - сөзжасам.
- Мектепке психологиялық дайындық (есеп).
- Мейірбикенің шынықтыру-сауықтыру жұмысын талдау (есеп).
- Педагогикалық ұжымның 2021-2022 оқу жылының жаз кезеңіне арналған жұмыс жоспарының жобасымен танысу.

Сабақтарды ұжымдық байқаулар

- «Киіз үй – қазақтың баспанасы» тіл дамытуы;
- «Мақтақыз» көркем әдебиеті;
- «Математика еліне саяхат» тілдік қызметті қалыптастыру бойынша кешенді сабақ;

Тыңдалды: «Талдамалы-теоретикалық бөлім

- МДҰ-ның жылдық жұмыс нәтижесі:
 - балалардың даму деңгейі;
 - ата-аналардың МДҰ жұмысымен қанағаттанушылығы;

Баяндамашы: әдіскер Ж.Исмаилова

- МДҰ-ғы музыкалық-эстетикалық тәрбие (есеп).

Баяндамашы: музыка жетекшісі А.Оразбаева

- Байланыстырып сөйлеуді дамыту (ақпарат – өзекті мәселелер бойынша талдау):
 - диалогтық (ауызекі) тіл;
 - монологтық тіл (әңгімелеу).

Баяндамашы: тәрбиеші Л.Рустемова

- Тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру (ақпарат – өзекті мәселелер бойынша талдау):
 - морфология (сөздердің түрлері, тектері, септіктері бойынша өзгеруі);
 - синтаксис (сөз тіркестері мен сөйлемдердің әртүрлі түрлерін меңгеру);
 - сөзжасам.

Баяндамашы: тәрбиеші Д.Муталиева

- Мектепке психологиялық дайындық (есеп).

Баяндамашы: психолог Ж.Умирова

- Мейірбикенің шынықтыру-сауықтыру жұмысын талдау (есеп).

Баяндамашы: мейірбике Қ.Нұржанова

- Педагогикалық ұжымның 2021-2022 оқу жылының жаз кезеңіне арналған жұмыс жоспарының жобасымен танысу»

Өткен педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер бойынша тоқталып өткен бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова – бүгінгі педагогикалық кеңестің тақырыбымен таныстыра келіп, жылдық жұмыс барысын таныстыру үшін сөз кезегін әдіскер Ж.Исмаиловаға берді. Ол, өз сөзін қорытынды мониторинг бойынша бастады. **Балалардың даму деңгейі** бойынша өткен екі оқу жылының қорытындыларымен салыстырғанда даму деңгейі жоғары нәтиже көрсеткендігін байқауға болады, атап айтар болсақ, 2019-2020 оқу жылы бойынша денсаулық саласы – 71,43 пайыз, қатынас саласы – 68,0 пайыз, таным саласы – 69,71 пайыз, шығармашылық саласы – 70,86 пайыз және әлеумет саласы 55,43 пайызды көрсетсе, 2020-2021 оқу жылында денсаулық саласы – 75,43 пайыз, қатынас саласы – 71,73 пайыз, таным саласы – 76,0 пайыз, шығармашылық саласы – 78,29 пайыз және әлеумет саласы 58,29 пайызды көрсеткен, ал, биылғы 2021-2022 оқу жылында денсаулық білім саласы – 85,14 пайызды, қатынас саласы – 74,29 пайыз, таным саласы – 76,57 пайыз, шығармашылық саласы – 81,71 пайыз және әлеумет саласы 57,71 пайызды көрсетуде. Денсаулық саласы 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда – 13,71 пайызға, өткен оқу жылымен салыстырғанда – 9,71 пайызға артқан. ал, қатынас білім беру саласы 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда – 6,29 пайызға, өткен оқу жылымен салыстырғанда – 2,56 пайызға артқандығын байқаймыз. Таным саласына келсек, 2019-2020 оқу жылында денсаулық саласы бойынша – 6,86 пайызға, өткен оқу жылы бойынша – 0,57 пайызға артқандығын байқаймыз. Шығармашылық саласы 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда – 10,85 пайызға, өткен оқу жылымен салыстырғанда – 3,42 пайызға артқандығын көруге болады. Ал, әлеумет саласы бойынша 2019-2020 оқу жылында даму деңгейі – 2,48 пайызға артса, 2020-2021 оқу жылында бұл көрсеткіш – 0,58 пайызға кемігендігін көрсетіп отыр. Сондықтан, алдағы уақытта әлеумет білім саласы бойынша жұмыстарды күшейту қажеттігін айта келіп, осы кемшілікті жою мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуге шақырды.

Ата-аналардың МДҰ жұмысымен қанағаттанушылығы бойынша сөзін жалғастырған әдіскер Ж.Исмаилова сауалнама жүргізілгендігін алға тартып, осы сауалнаманың қорытындысы бойынша ата-аналар балабақша жұмысына қанағаттандығын 93,2 пайыз көрсеткішпен білдірген. Қалған, 6,8 пайызы балақашаның жұмысына әлі де жауаптылық қажет деп санайтын болғандықтан алдағы уақытта осы кемшін тұстармен жұмыстар жүргізуге шақырды. Алдағы кезеңге, ата-аналардың қай мәселелерге қанағаттанбайтындықтарын анықтап, сол мәселелер бойынша жоспар түзу қажеттігін, мақсат қоя отырып жұмыстарды ұйымдастыру керектігін айтты.

МДҰ-ғы музыкалық-эстетикалық тәрбие бойынша есеп берген музыка жетекшісі А.Оразбаева, балалардың музыкалық-эстетикалық дамуы бойынша даму деңгейі төмендегіше екендігін айтты. Атап айтар болсақ, 2019-2020 оқу жылында көрсеткіш –78,34 пайыз болса, өткен оқу жылында бұл көрсеткіш – 79,1 пайыз болып 0,76 пайызға артқан. Ал, биылғы жылғы көрсеткіш – 82,38 пайызды көрсетуде, яғни өткен жылмен салыстырғанда 3,28 пайызға артқандығын байқауға болады. Музыкалық-эстетикалық деңгейлерін балалардың дамыту

мақсатында «Кішкентай жұлдыздар», «Жұлдыз болғым келеді!», «Армандар орындалады» тақырыптарында жарыстар ұйымдастырылды, аудандық «Айгөлек» дарынды балалар байқауында да жүлделі орын иеленіп келеміз. Әр түрлі ертеңгіліктер мен іс-шараларды балалардың өнерін шыңдау жұмыстары алға қойылып келеді. Алдағы уақытта да балалардың жан-жақты өнерін дамытуда, эстетикалық тәрбие беруде жұмыстар атқарымыз деп есебін аяқтады.

Байланыстырып сөйлеуді дамыту (ақпарат – өзекті мәселелер бойынша талдау), диалогтық (ауызекі) тіл, монологтық тіл (әңгімелеу) бойынша сөз алған тәрбиеші Л.Рустемова – қатынас білім саласы бойынша балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда әр түрлі жарыстарға қатыстырып, сахыналық қойылымдарға қатыстыра отырып, байланыстыра сөйлеуін дамыту жұмыстары жолға қойылғандығын айтып өтті. Балалардың ауыз екі сөйлеуі мен әңгімелеулері бойынша «Ертегіні жаңаша әңгімелеу» тақырыбында, ертеңгіліктер барысында қойылымдар қою арқылы және вариативтік компонент бойынша жұмыстар жүргізілгендігін тілге тиек етті.

Тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру (ақпарат – өзекті мәселелер бойынша талдау), морфология (сөздердің түрлері, тектері, септіктері бойынша өзгеруі), синтаксис (сөз тіркестері мен сөйлемдердің әртүрлі түрлерін меңгеру) және сөзжасам тақырыбында сөз алған тәрбиеші Д.Муталиева балалардың тілдік грамматикасын дамыту бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Онда, сөздердің түрлері, тектері, септіктері бойынша өзгеруі бойынша, яғни морфологиялық құрылымын игеру бойынша әр түрлі ойындар, диалогтар құру арқылы, ұйымдастырылған оқу қызметтері барысында, ертеңгіліктер мен жарыстар кезінде жұмыстар жүргізілгендігін айтып өтті. Сондай-ақ, осы іс-әрекеттер барысында сөз тіркестері мен сөйлемдердің әртүрлі түрлерін меңгеру жұмыстары, яғни синтаксистік құрылымдарды игеру де жүргізілгендігін айта келіп, ойын барысында сөздің грамматикалық құрылымын игеру бойынша «Сымсыз телефон», «Қазына», «Қалып қойма», «Кім жылдам» т.б. ойындар ойнату арқылы балалардың сөз құрау, сөзжасам деңгейлерін көтеруге жұмыс жасағандығы туралы ақпарат берді. Даму деңгейлерін сәйкестендіре отырып, талдау жұмыстарымен таныстырды.

Мектепке психологиялық дайындық (есеп) бойынша психолог Ж.Умирова өзінің баяндамасында мектеп пен балабақша байланысы туралы айта келіп, балалардың мектепке саяхаты, бастауыш мұғалімдерінің біздің ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерімізге қатысуы, олардың ұсыныстар мен пікірлері төңірегінде айта келіп, балалардың психологиялық деңгейіне жасалған талдау бойынша 97,3 пайыз көрсеткішпен мектепке балалардың дайын екендігін байқатқанын айтты. Сонымен қатар, балалардың әлеуметтік жағдайларына да талдау жасалынып, барлығы дерлік әлеуеттік жағдайы жақсы екендігін көрсетті. Мониторингтік көрсеткіш бойынша да балалардың үлгілік оқу деңгейлері 79,54 деңгейді көрсетке, оның ішінде мектепалды даярлық тобының көрсеткіші 88,0 пайызды көрсеткендігін атап өтті.

Мейірбикенің шынықтыру-сауықтыру жұмысын талдау (есеп) бойынша баяндамасын оқыған Қ.Нұржанова балалардың бойы, салмағы, аурушандығы жөнінде есе бере келіп, сауықтыру жұмыстары бойынша жыл бойы атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Сонымен, қатар, маусымдық кезеңдерге сәйкес тамақтанудың санитарлық талаптарға сәйкес тамақтандыру жүргізілгендігі, жазғы кезеңге сәйкес меню түзіліп, талаптарға сәйкестендірілді. Шынықтыру-сауықтыру жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстар туралы толығымен есеп берілді. Алдағы жазғы кезеңде қандай жұмыстар жүргізілетіндігі талқыланып, жоспарланды.

Сөз соңында **«Педагогикалық ұжымның 2021-2022 оқу жылының жаз кезеңіне арналған жұмыс жоспарының жобасымен танысу»** жұмыстары қаралды. 2021-2022 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітіліп, жас ерекшеліктеріне сәйкес күн тәртібі түзілді, сабақ кестесі бекітілді. Педагогтар мен тех. қызметкерлерге жазғы кезеңге ауысуына байланысты техникалық қауіпсіздік нұсқаулығынан өткізу жоспарланып, тазалау жұмыстары, учаскелерін реттеу жолға қою тапсырылды. Ата-аналарға жазғы кезеңге сәйкес балаларды киіндіру, бақшаға алып келу мен алып қайту, жазғы тамақтану менюімен ата-аналарды таныстыру жұмыстарын ұйымдастыруды тапсырды.

Жиналыс қаулы етті:

1. Бөбекжай балаларының үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша даму деңгейінің қорытынды мониторингі басшылыққа алынсын;
2. Мониторинг қорытындысына сәйкес әлеуметтік білім саласы бойынша көрсеткіштің төмен болуына байланысты жоспар түзіліп, жұмыстар атқарылсын, есеп берілсін;

3. Ата-аналармен балабақша жұмысына жүргізілген талдау басшылыққа алынсын;
4. «МДҰ-ғы музыкалық-эстетикалық тәрбие» тақырыбындағы музыка жетекшісі А.Оразбаеваның есебі жақсы деп бағалансын;
5. Тәрбиеші Л.Рустемованың «Байланыстырып сөйлеуді дамыту (ақпарат – өзекті мәселелер бойынша талдау), диалогтық (ауызекі) тіл, монологтық тіл (әңгімелеу)» туралы есебі жақсы деп бағалансын;
6. Байланыстырып сөйлеу жұмыстарын дамыту қолға алынсын;
7. Тәрбиеші Д.Муталиеваның «Тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру (ақпарат – өзекті мәселелер бойынша талдау), морфология (сөздердің түрлері, тектері, септіктері бойынша өзгеруі), синтаксис (сөз тіркестері мен сөйлемдердің әртүрлі түрлерін меңгеру) және сөзжасам» туралы есебі жақсы деп бағалансын;
8. Балалардың тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру жұмыстары әлі қарай жалғастырылсын;
9. Психолог Ж.Умированың «Мектепке психологиялық дайындық (есеп)» тақырыбындағы балалардың мектепке дайындығы барысы туралы есебі басшылыққа алынсын, жақсы деп бағалансын;
10. Бөбекжай мейірбикесі Қ.Нұржанованың «Мейірбикенің шынықтыру-сауықтыру жұмысын талдау (есеп)» жақсы деп бағалансын;
11. Шынықтыру-сауықтыру жұмыстары жазғы кезеңге жоспарлансын, бекітілсін;
12. Жазғы кезеңге сәйкес тамақтану менюіне өзгерістер енгізіліп, бекітілсін;
13. Педагогикалық ұжымның 2021-2022 оқу жылының жаз кезеңіне арналған жұмыс жоспарлары жас кезеңдеріне сәйкес бекітілсін;
14. Жазғы кезеңге сәйкес күн тәртібі, сабақ кестесі түзіліп, бекітілсін;
15. Жазғы кезеңге сәйкес ата-аналармен кеңес өткізілсін;
16. Әр топқа, қызметкерлерге бөлініп берілген учаскелерді көгалдандыру жұмыстары ұйымдастырылсын, құмның тазалығы бақылансын, далада ойнайтын ойыншықтарды тазалау кестесі түзілсін;
17. Осы жұмыстардың ұйымдастырылып, іске асуына жауаптылық әдіскер Ж.Исмаиловаға, мейірбике Қ.Нұржановаға және шаруашылық жөніндегі меңгеруші П.Зулутбековаға жүктелсін.

Тыңдалды: «Ұжымдық ашық байқаулар:

- «Киіз үй – қазақтың баспанасы» тіл дамытуы;
- «Мақтақыз»көркем әдебиеті;
- «Математика еліне саяхат» тілдік қызметті қалыптастыру бойынша кешенді сабақ;

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова педагогикалық кеңестің соңғы бөлімінде ұжымдық ашық байқаулардың «Киіз үй – қазақтың баспанасы» тақырыбында тәрбиеші М.Төлегеннің өткізілген іс-шарасы барысында балалар қазақ халқының салт-дәстүрімен, тұрмыс-тіршілігімен таныса келіп, киіз үйдің құралдарымен танысқандығын, балалардың осы заттарды атай отырып тілдерін дамыту жұмыстар оң нәтиже бергендігін айтты. Ал, тәрбиеші Н.Жакипованың сахналау арқылы балалардың көркем әдебиет саласын меңгергендігі «Мақтақыз» ертегісі арқылы балалардың тіл байлығын, сөздік қоры дамытуда алған әсері мол. Балаларды сахналық қойылымдарға қызықтыра отырып, көркем сөйлеуге, тіл байлығын дамытуға мол мүмкіндік туатындығын айта еліп, ұжымдық бағалау бойынша көрсеткіш деңгейі жақсы екендігін атап өтті. «Математика еліне саяхат» тілдік қызметті қалыптастыру бойынша кешенді сабақ өткен тәрбиеші Г.Жунусбаева балалардың таным білім саласын меңгеруде тілдік қорды да байыту мүмкіндігі зор екендігіне, ондағы балалардың математика еліне саяхат жасау арқылы, ондағы кейіпкерлермен байланыс диалог орнатуы, математикалық терминдерді есте сақтауы арқылы тілдік қызметті қалыптастыру төңірегінде айтылы келіп, ұйымдастырылған оқу қызметі қызықты да әсерлі өткендігін атап өтті. Ұжымдық ашық байқаудың нәтижесіне сәйкес бқл оқу қызметі жоғары бағаландығын алға тартты.

Жиналыс қаулы етті:

- 1) Тәрбиеші М.Төлегеннің «Киіз үй – қазақтың баспанасы» тақырыбында өткізілген іс-шарасы жақсы деп бағалансын;
- 2) Тәрбиеші Н.Жакипованың «Мақтақыз» етегісін балалармен сахналау қойылымы жақсы

деп бағалансын;

- 3) Тәрбиеші Г.Жунусбаеваның «Математика еліне саяхат» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын;
- 4) Жоғарыда аталған тәрбиешілерге жұмысты жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін бөбекжай меңгерушісінің алғыс хатына ұсынылсын;
- 5) Балалардың әлеуметтік қалыптасуына жағдай жасау мақсатында іс-шаралар мен байқаулар, сахналық қойылымдар ұйымдастырылсын;
- 6) Осы мәселелерге әдіскер Ж.Исмайлова жауапты болып бекітілсін.

Жиғалыс төрайымы

Жиғалыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева